

ЖИЫН-ТЕРІН



МЕХАНИЗАТОР МЕН КОМБАЙН КЕРЕК!

Егістік алқабында – ырыздық үшін, ел несібесі үшін өрістетілген бейбіт айқас. Көктемде де көңіл күпті еді, қазір де жазыла қойған жоқ. Зордың күшімен еккен егіннің шығымы көңіл көншітпей-ақ тұр. Еліміздегі астықты аймақтардың бірі саналатын Ақмола облысындағы егін шығымы ала-құла. Негізгі себеп жаздың ересен ыстық болуы. Екіншіден, білікті мамандардың айтуына қарағанда, биыл дәнді кеш сепкендер бармағын тістеп отыр. Уақытында үлгергендердікі – үміт күттірерлік.

Жан алкымнан алған жаман тұмаудың кесірінен әлемде азық-түлік тапшылығы байқала бастады. Қытайда биыл құрғақшылық. Оның үстіне, ауыл шаруашылығы жерлерін топан су басып, есепсіз жатыр. Іргедегі Ресейдің ішкі аймақтары да астығына қарап аландап отыр. Демек биыл бидай бағасының өсетін сынайы бар. Ендігі арада шетке астық сатуға абай болу керек сияқты.

Ерте көктемде төрткүл дүниені жаман тұмау безгек тигендей қалтыратып, әрі-сәрі болып тұрғанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 31 наурыздағы мәлімдемесінен кейін дикан қауымның көкірегінде үміт оты тұтанып, бел буып, шаруа қамына кіріскен болатын.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Әкбар МӘЖИТ, жазушы, Қытай мемлекеттік сыйлығының иегері:



АБАЙ – АҚЫЛДЫҢ ПАНАСЫ

Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай, ақын шығармаларын шет тілдеріне аударуға қосқан еңбегі үшін бірнеше шетелдік жазушы-аудармашы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2-дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Олардың арасында Қытайда тұратын, ханзу тілінде жазатын қазақ жазушысы, Қытай мемлекеттік сыйлығының иегері, Бейжіңдегі «Қытай жазушылары» әдеби журналының Бас редакторы Әкбар Мәжит те бар.

Әкбар аға Алматыға келген сапарында Jas qazaq газетіне бірнеше рет сұхбат берген-ді. Бұл жолы Бейжіңге хабарласып, жазушымен телефон арқылы сөйлестік.

(Жалғасы 2-бетте)

АРНАУЛЫ СҰХБАТ

Жұмыр жерді бір тал тарының қауызына сыйдырған аты жаман індет біздің елді де өбігерге салды. Өбігерге салды деу бергі жағы ғана. Анығында, ауру біраз кемшіліктің бетін ашты. Әсіресе, медицина саласында. Тәжкеселден қандай сабақ алуымыз керек? Білікті дәрігер Әкім Тұрсынмен әңгімемізді көпшілікті аландатқан денсаулық сақтау саласына арнадық.

Әкім ТҰРСЫН, дәрігер:

ОЛАР КЕТКЕН СОҢ ҚАЙТЕМІЗ?



Jas qazaq: Әкім мырза, коронавирус еліміздегі медицина саласын қайта құруға түрткі болатын сияқты. Оны Мемлекет басшысы да айтты. Сонда «қайта құру» дегенді қалай түсінеміз? «Қайта құруды» нақты неден бастау керек?

Ә.Тұрсын: «Қайта құру» дегенде, шынында да мына бұл вирус көп нәрсенің бетін ашты. Мәселен, СЭС-тің өзі денсаулық сақтау министрлігіне бағынбайтын, жеке-дара мекеме болу керек еді. Алайда бұл соларға қатысты мекеме болғандықтан, «қожайындарымен» келісіп барып әрекет етеді. Бізге осы жүйені өзгерту керек. Медицина саласында қазір «Дамумедтін» дауы шығып жатыр. Сол бойынша да қаржыландырудың формасын өзгерту керек. Мысалы, 10 мың тұрғын болса, айына емханаға 10 миллион теңге берілу керек дегендей. Бұлар сол «10 млн теңгеге көрсеткен қызметінді базаға кіргіз» дейді. Ал олар жалған ақпарат беріп, көрсетілмеген қызметті жасалды деп көрсетеді. Бұған ешкімді кінәлай алмайсың. Дәрігерлі де, медбикені де кінәлай алмайсың. Бұл жерде қаржыландырудың формасы дұрыс емес.

Тағы бір мәселе, мемлекеттік мекемелер мен жеке емханалар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен (МӘМС) жұмыс істеуінде тең дәрежелі қатынас болу керек. Бірақ МӘМС-тен басым көп қаражатты мемлекеттік мекемелерге береді. Жеке емханаларға көп қаражат берілмейді. Айталық, онкология бойынша жеке емханаларға қаражат көбірек бөліну керек. Мұны айтсақ, таңды таңға жалғайтын түйткілді әңгіме көп.

Jas qazaq: Қалай айтсақ та еліміз бұл індетке дайын болмай шықты. Оны жасырудың қажеті жоқ. Дәрі түгілі, бетперде де жеткізе алмадық. Сіздіңше, неден кемшілік кетті: дәрігерлердің біліктілігі төмен болды ма, әлде басқару, ұйымдастыру жағынан олқылық көп кетті ме? Нақты мысалымен айтып берсеңіз...

Ә.Тұрсын: Бұл мәселеде дәрігерлі кінәлау артық. Дәрігерге қойылған нақты тапсырма, нақты емдеу хаттамасы бар. Дәрігер сол хаттама бойынша емдейді, сол бойынша жұмыс жүргізеді. Мысалы, ковидті емдеуде хаттама бірнеше рет өзгерді. Дәрігер заңда көрсетілген хаттамадан ауытқымауы керек. Антибиотиктің вирусқа қарсы пайдасының жоқтығын білсе де, хаттамада көрсетілген емдеу талаптарынан ауытқи алмайды. Алайда жоғары жактан сол хаттаманы бекіткенде жүйелі түрде қателіктер жіберді. Бұл – бір. Екінші, жүйелік қателік деген не? Денсаулық сақтау министрлігі «Хаттамада мынадай өзгерістер енгізілуі керек» дейді. Бірақ ол өзгеріс 10 күннен кейін немесе екі апта өткен соң ғана хаттамаға енеді.

(Жалғасын 3-беттен оқыңыз)

АПТАНЫҢ САУАЛЫ

? Біздің еліміз коронавирусқа қарсы екпені қашан сатып алады?

! ЖАУАБЫ:
Бағдат ҚОЖАХМЕТОВ,
денсаулық сақтау
министрлігінің ресми өкілі:



«Коронавирусқа қарсы екпе барлық халықаралық сертификаттаудан өткенде ғана сатып алынады. Сарапшыларымыздың айтуынша, әлемдегі үздік зертханалар қазір сынақтың үшінші сатысында. Алда төртінші саты бар. Бірақ бұған әлі ешкім жеткен жоқ. Осыдан кейін ғана халықаралық сертификат беру басталады. Оның қай елде және қандай зертханада өтетіні әзірге белгісіз. Екпе клиникалық зерттеулердің барлық сатысынан өтпей, еліміз оны сатып алмайды. Қазақстан тек барлық халықаралық сертификаттаудан және тексеруден өткен екпені алады».



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
45,25

DOLLAR
418,90

EURO
492,88

РУБЛЬ
5,74

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Фото: Нұр-Сұлтан ТД

Нұр-Сұлтанда мемлекеттік немірі бірдей «өгіз» автокөлік анықталды. Осы кезге дейін иелері бір-бірінің айыппұлын төлеп келген. Дәл осындай немірмен Өскеменде тағы бір «Тойота Естима» тіркеліпті. Оның иесіне «астанада ереже бұзғаны үшін» айыппұл келе береді екен. Өзі ол жақта болмағанын айтып шыр-пыр. Үшеуі де мешинесін заңды түрде сатып алғанын айтады. Анық-қанығы тексеріліп жатыр.

Арнаулы сұхбат

(Басы 1-бетте)

Мысалы, сәуірдің басында министр «Емханаларға да инфекциялық аурухана ретінде сақтық шаралары қолданылу керек» деді. Бірақ арада 19 күн өткенде, қателеспем, 19 сәуірде министрдің бұйрығы шықты. Оған дейін жеке емханалар министр айтты екен деп, ешнәрсе істей алған



Әкім ТҰРСЫН, дәрігер:

ОЛАР КЕТКЕН СОҢ ҚАЙТЕМІЗ?

жок. Қосымша медициналық жабдықтар сатып ала алмады. Төтенше жағдай уақыты болса да, министрдің бұйрығы, үкіметтің қаулысы болса да, олар белгілі бір заң талаптарына сүйеніп қана жұмыс істейді. Міне, осындай жүйелік қателіктер көп болды. Соның кесірінен, қаншама емханалардың дәрігерлері өздері ауырды. Мен танитын көп дәрігер ауырды. Олар хаттаманы жақсы білетін мамандар. Сондай болса да, ем-домды үйлерінде алып, өз-өзін емдеді.

Жас қазақ: Соңғы 15 жылда санитар мамандарды дайындайтын факультеттер жабылып қалыпты. Қай оқу орындарындағы қанша факультет, қай жылдары жабылды?

Ә.Тұрсын: Бізде бұрын сан-гиг деген факультет болды. Толық атауы — санитарлық-гигиеналық факультет деп аталатын. Бірақ оны жауып тастады. Бұл жердегі қателік не? Мұндағы қателік — жүйенің еліктенуі. Ресей мен Қытайда бұл мамандықтар әлі күнге дейін бар. Ал біздегілер Америка мен еуропалықтарға еліктенді. Ол жақтарда мұндай мамандық жоқ. Сөйтіп біздікілер қоғамдық денсаулық сақтау факультетін ашты. Ол жерде санитар дәрігерлерді дайындамайды. Ол жерде менеджерлерді оқытып шығарады. Денсаулық сақтау саласының менеджерлері дипломдары бойынша ұйымдастыру жұмыстарын атқарады.



Мәселен, бас дәрігердің орынбасары деген сияқты жұмыстарды істейді. Ол кезде осы факультетке түскендер санитар дәрігер боламын деп емес, бас дәрігер немесе дансаулық министрі боламын деген максатпен түсті. Міне, осындай қателік кетті.

Бұрынғы санитар-эпид дәрігерлер бар. Олар бұрынғы мектептен өткен. Бес-он жылға дейін соларды пайдалана аламыз. Бірақ олар кеткен соң қайтеміз? Санитарлық саланы кімге тапсырамыз? Негізі, әлі де кеш емес. Санитарлық факультеттерді ашып, студенттерді оқытып шығарсақ, қазіргі жасы егде тарта бастаған санитар мамандардың орнын басар еді. Аға буын мамандардың білім-білігін алып қалуға болар еді. Министр «Биыл 3-курсан бастап сондай факультеттерді ашып, санитар-эпидемиолог дәрігерлерді тез дайындап шығарамыз» деді. Оны да күтейік.

Жас қазақ: Ковидпен күресте кемшіліктің көп болуының себебі, санитар мамандардың аз болуынан емес пе?

Ә.Тұрсын: Ковидпен күресте кемшіліктің көп болуының себебі, санитар-эпидемиолог дәрігерлердің аз болуы — бұл бір ғана себебі. Мұнда бірнеше себеп бар. Ең негізгі себеп — денсаулық сақтау министрлігінің жүйелік қателігі. Бұл бүгінгі күнгі ғана қателік емес, жылдар бойғы жіберген олқылық. Айталық, цифрландырудағы қателік, МӘМС-тің қателігі, «Формация-СК»-ның қателігі, бюрократиялық қателік дегендей...

Жас қазақ: Қазір СЭС неге жоқ? Олардың қызметін кімдер атқарып жатыр? Ковидпен

күресті санитар дәрігерлер емес, заңгерлер мен экономистер басқарып жатыр дейді. Осы қаншалықты рас?

Ә.Тұрсын: СЭС мамандары бар. Бірақ олардың қазіргі атауы — тұтынушылар құқығын қорғау мекемесі деп аталады. Олардың қызметі тұтынушылардың құқығын қорғау еді. Бірақ олардың бойында баяғы СЭС-тің менмендігі, «сәспіз» дейтін кеудемсоқтығы бар. Бірақ олар көп нәрсені қолдан шығарып алды. Мәселен, ковид кезінде тізгін осы мамандардың қолында болу керек еді. Алайда санитар дәрігерлер емес, қызметтің басында басқа мамандар жүр. Олар менеджерлер, экономистер. Алған білімдері бойынша ковид кезінде санитарлық емес, менеджерлік қызмет жасады. Санитар дәрігерлер жоқ емес, мықты мамандар бар ғой. Аз қалды. Эпидемиологиялық жағдай бойынша, олар мәселенің шешу жолдарын айтқысы келеді. Бірақ бас санитардан аса алмайды. Бас санитардың қаулысы бойынша ғана жұмыс істеуге мәжбүр. Бюрократия басым бұл жерде.

Жас қазақ: Бізде медициналық бағдарламалар мен жобалар жоқ емес, бар. Солар қаншалықты тиімді болды?

Ә.Тұрсын: Кез келген бағдарлама мінсіз, кемшіліксіз болмайды. Мәселен, «Саламатты Қазақстан» да сондай. Бірақ бұл бағдарламаның кемшілігінен гөрі, артықшылығы көп болған сияқты.

Мен сол бағдарлама басталған жылдары, яғни 2011 жылдан 2016 жылдың басына дейін Алматының Алатау аудандық емханасында бас дәрігердің орынбасары қызметін атқардым. «Саламатты Қазақстанның» негізгі бағыты — көптеген аурулардың алдын алу бойынша скрининг жүргізу, яғни профилактика болды. Соның арқасында көптеген аурулардың алдын алдық. Ауруды ерте анықтап, көп адамға бұл бағдарламаның септігі тиді.

«Саламатты Қазақстаннан» кейін 2016–2019 жылдар аралығында «Денсаулық» бағдарламасы болды. Онда цифрландыруға басымдық берілді. Электронды үкіметті күшейту үшін egov арқылы тіркелу, дәрігердің қабылдауында болу деген сияқты жақсы мүмкіндіктері бар. Бұл осы бағдарламаның артықшылығы. Ал кемшілігі ше? Мәселен, «Денсаулық электронды паспорты» болады деген еді. Онда адамның ауру тарихы, қай кезде қандай екпе алғаны, қандай аурумен қашан ауырғаны, қандай ота жасатқаны, қысқасы, ауру тарихы түгел жазылады делінген. Ондағы ақпарат ешқайда шықпайды деп айтылған. Бірақ олай болмады. Ақпарат сыртқа шығып кетті. Басқа да олқылықтар кетті. Айтайық, припискаға, яғни жалған ақпарат беру, көрсетілмеген қызметті жасалды деп көрсету. МӘМС-тен келетін 35-70 пайыз қаражат осы припискамен кетті. Ақшаны

қайтар деп жатқан ешкім жоқ. Бұл жүйелік қателік. Осы жүйелік қателіктер ковид кезінде көрініс беріп жатыр.

Жас қазақ: Күзге қарай вирустың екінші толқыны басталады деп жатыр. Сонда ары қарай үшінші, төртінші толқыны жалғаса бере ме? Бұл қашан, қалай тоқтайды?

Ә.Тұрсын: Ковидтің екінші толқыны келеді. Біз ғана емес, барлық мемлекет оған дайындалып жатыр. Өйткені күзге қарай күн суытады. Тұмау-сырқау көбейеді. Әдеттегі тұмау басталғанда, соның «көленкесінде» осы ковид бірге асқынады. Сондықтан күзде болатын індеттің екінші толқынына сақалай сай болғанымыз жөн. Осы кезден бастап дайындықты пысықтауымыз қажет. Бәріміз сақтанып жүрсек, ауру азаяды. Алдағы қараша, желтоқсан айларында, тіпті көктемдегідей қатаң режимді карантин, төтенше жағдай жариялануы да мүмкін. Солтүстік аймақтарда тұмау күнгейден ертерек басталады. Оны да ескерген абзал. Ал ковидтің үшінші толқыны бола қоймас.

Бұл вирусмен бір рет ауырған адам екінші рет жай ғана тұмау сияқты өтіп кетеді екен. Бұл жана вирус болғандықтан, барлық адам ауырып шығады. Сөйтіп адам бойында вирусқа қарсы иммунитет қалыптасады. Осы штамп өзгеріп, басқа мутацияға ұшырап кетпесе, екі-үш жылда барлық адам бұл індеттен құтылады. Екпесі шықса, тіпті жеңіл болады.

Жас қазақ: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

(Басы 1-бетте)

ЖИЫН-ТЕРІН

МЕХАНИЗАТОР МЕН КОМБАЙН КЕРЕК!

Тапсырмаға орай көктемгі егіс науқаны үшін қосымша 100 миллиард теңге қаржы бөлінді. Оның үстіне, үкіметке жанармайдың нарықтық бағасын 15 пайызға арзандатып, 165 теңгеге дейін төмендету міндеті жүктелді. Бұл ауыл шаруашылығының шағын құрылымдары үшін көп-көрім көмек болды.

Осы қамқорлықтың арқасында облыста 4905,9 мың гектар алқапқа жаздық дақыл тұқымы себіліп, күні бұрын межеленген жоспар толығымен атқарылып шықты. Негізгі азық-түлік дақылы — жаздық бидай 3698 мың гектар алқапты құрайды. Іріктелген арпа тұқымы 651,6 мың гектарға, сұлы 60 мың гектар алқапқа себілді. Сондай-ақ тары, қарақұмық, ноқат, бұршақ, майбұршақ және жасамық дақылдары да егілді. Бір айта кетерлігі, облыс дикандары егіншілікті әртараптандыруды берік дәстүрге айналдырып, 4447,1 мың гектар алқапта бұршақ

Қалған уақытта ешқандай табыс бермейтін техника. Қарапайым тілмен айтқанда, ақша таппай, босқа қантарылып тұрады.

Ендігі жоғы — механизатор. Кешегі кеңес заманында табаны тастан таймаған тарланбоздай жапырып жұмыс істеген механизаторлар әлдеқашан зейнетке шығып кеткен. Олардың орнын басатын жастар жоқтың қасы.

«Асно Көкше» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің агрономы Бауыржан Молдағалиев «Биыл біздің серіктестік 3800 гектар алқапқа бидай, арпа, сұлы тәрізді дақыл екті. Төрт комбайнымыз, алқаптан астық тасымалдайтын «КамАЗ»-дарымыз бар. Үлгере алмай жатса, трактор тіркемелерін де қосамыз. Бұл тараптан қиындық көре қоймағанымызбен, механизаторлар мен комбайндардың жетіспеушілігі қолбайлау болатын түрі бар. «Жалақысын молынан төлейміз» деп жаз бойы



дақылын өсіріп отыр. Бұл былтырғы көлемнен біршама артық көрсеткіш. Оның үстіне, егіншілер 239,1 мың гектар майлы дақылдан, 442,6 мың гектар мал азығындық өскіндерден, 16 мың гектар картоп пен 3500 гектар көкөніс алқаптарынан өнім жинауға кірісіп кетті.

Дәл қазіргі жағдайға талдау жасайтын болсақ, 2791,2 мың гектар дәнді және бұршақ дақылы алқаптарының 62,8 пайызы «жақсы» деп бағалануда. Ал 1533 мың гектар алқаптың жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Майлы дақылдың 61,3 пайызы жақсы болса, қалғаны қанағаттанарлық. «Қырсыққанда қымыран іріді» дегендей, алтын-күмістің тас екендігін, арпа-бидайдың ас екендігін енді ұғынып жатқанымызда, Атбасар мен Жақсы аудандарының егістік алқабын ақбөкен табыны жусатып кетті. Мамандардың есебіне қарағанда, 16 мың гектарға жуық егістік алқабы шығын болған. Қаншама еңбек, зия кеткен қаржы.

Көктемгі егістің уақытында аяқталмағандығының себебін зерделеп көрелік. Ең алдымен, қуатты техника жеткіліксіз болды. Содан соң тағы бір жоғы — техника тізгіндейтін механизатор. Облыста машина-трактор паркін жаңалау туралы мәселе жыл сайын көтеріліп келеді. Әйтсе де, көңіл көншітерлік көрсеткішке қол жетер емес. Осы жерде сөзіміз дәлелді болуы үшін бірер дерек келтіре кетелік. Дәл қазір ақмолалық дикандардың қолында 8100 астық комбайны бар. Оның 3360-ы — жоғары өнімді, заманауи техника. Соңғы үш жылда 929 комбайн, бір мыңнан астам трактор, 269 егіс кешені сатылып алынды. Бірақ осының өзі аздық етеді. Өйткені жанасыннан қаусағаны көп. Жыл басынан бері 7 мыңға жуық ауыл шаруашылығы техникасының іске жарамсыз екендігі анықталып, есептен шығарылғандығы ойландыратын-ақ жайт. Қаусаған техника әр жылдағы егін орағы кезінде қатты қимылға шыдас бермей келеді. Оған өкпелей де алмайсың. Пайдалану мерзімі жиырма жылға жуықтап қалған тракторлардың көлемі қолда бар техниканың қажеттісін құрайды. Ал астық жинайтын комбайндардың да жартысы ескірген. Демек саны көп болғанымен, жапырып жұмыс істеуге қауқарсыз.

Облыс дикандарының әр жыл сайын егін орағын белгіленген уақытта аяқтай алмай, науқанның соңы күзгі қара жаныбұға ұрынып жататындығының ең басты себебі, біздіңше осы. Қарашаның соңында жауған қардың астында да астық жинап жүрген дикандарды көзіміз көрген. Кейбір жеке шаруа қожалықтары әуірімдеп ат төбеліндей жерге егін еккенімен, өзімізді деген астық жинайтын комбайндары жоқ. Олар көршілес шаруашылықтар қашан өз егінін жинап алып болғанша тосады. Оған дейін Арканың ақ жауыны да басталып кетеді. Бұл қиындықтан шығатын ең төте жол — ауылдық кооперативтерге бірігу. Бірақ оның да аздаған қиындығы бар екен.

Зеренді ауданындағы «Құлан» шаруашылығының жетекшісі Біржан Болатов «Бұл өзі өте дұрыс мәселе. Көкшетау қаласындағы «Вектор» комбайн зауытынан шығатын «Вектор 410 KZ» астық жинау комбайнының құны 44 миллион теңге шамасында. Бірақ оны шағын шаруашылықтар ала алмайды. Алу үшін еккен егістік көлемі 500 гектардан кем болмауы керек. Алдымен 15 пайыз алғашқы жарнасын төлейсіз, он жыл мерзімге жылына 10,9 пайыздық үстемесмен, кепілге комбайнның өзі қойылады. Бұл, әрине, дикандар үшін тиімді. Бірақ кішікентай қожалықтарда мұншалықты егістік алқаптары жоқ қой. Сондықтан да, көпшіліктің қолы жетпей отыр. Жері аз дикандар комбайнды сатып алғанша, бірер күнге жалдағанды тиімді көреді. Өйткені 44 миллион теңгеге алған комбайн бар болғаны бір аптаға ғана керек.

іздеп көріп едік, таба алмай, дінкеміз құрып отыр», — дейді.

Жалпыға ортақ осы бір мәселенің ізін іңдетіп облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан дерек сұрағанбыз. Сөйтсек, білдей басқарма мұндай қажеттілік туралы дерек жинамайды екен. Қарапайым тілмен айтқанда, облыс шаруашылықтарына қанша механизатордың, қанша комбайнның керек екенін біле қоймайды. Ал сол механизаторлар мен комбайншыларды даярлайтын оқу орындарына басшылық жасап отырған облыстық білім басқармасы қай шаруашылыққа қандай маманның қажет екенін зерттеп, екселемеген. Мәселенің осы тұсына мұқият көңіл аудару қажет болып тұр. Алдымен, барша шаруашылықтан тапсырыс қабылдап, қаншалықты маман қажет екендігін саралаған жөн. Содан барып мемлекеттік тапсырыс бойынша кадр дайындаса, дәл қазіргідей қиындық тумас еді. Әйтпесе, білім басқармасы мен ауыл шаруашылығы басқармасының арасында ешбір байланыс болмағандықтан, кадр тапшылығына ұрынып отырмыз. Кадр дайындаудағы тағы бір олқылық, оқу орындарының материалдық-техникалық базасы заманауи сұранысына сай емес. Мәселен, көптеген кәсіптік-техникалық колледждерде тәжірибе сабақтарында ескі комбайндарды оқыту орын алып отыр. Мұндай комбайндар қазір егіс алқаптарында кездеспейді, әлдеқашан қолданыстан шығып қалған. Сонда оқу бітірген жас маман заманауи техникамен қалай жұмыс істемек? Оқу орындары басшыларының айтуларына қарағанда, әлденеше миллион теңге тұратын қымбат комбайнды алу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, лаждап плакаттан көрсету, бейнефильмді пайдалану арқылы оқытып жатыр. Бірақ көзбен көріп, қолмен ұстамаған соң техника тетігін игеріп кету оңай шаруа емес. Оның үстіне, бұрынғыдай кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқушылары тәжірибелік сағат өткізу тарапында да зор кемшілік бар. Шағын шаруа, тіпті ірі серіктестіктің өзі ондаған оқушыны тәжірибеден өткізе алмайды. Олардың жататын жерін сайлау, ас-суын қамдау оңай-оспақ іс емес. Сондықтан біздің тарапымыздан бұл орайда мынадай ұсыныс бар. Ауыл шаруашылығы құрылымдарына оқушыларды топтап емес, екеу-үшеуден жіберсе.

Бауыржан Қайратұлы «Еңбек адамы дұрыс бағаланбағаннан кейін осылай болады. Өтпелі кезеңде қиындықпен жағаласып жұмыс істеген механизаторлардың жалақысы дұрыс төленбелі, еңбекакы шөп, сабан, астық қалдығымен берілді. Оны көріп тұрған жастар елге қаншалықты қажет болса да, бұл мамандықты игере қоя ма? Екінші жағынан, механизатор, комбайншы мамандығы маусымдық жұмыстарды ғана атқарады. Көктемде бір ай, күзде бір ай ғана қажетсің. Қалған уақытта көк тиын қаржы таппай, қол қусырып бос отырасың. Мұндай мамандыққа кім құштар болсын?!», — дейді.

Бұл арада да тығырықтан шығатын жол бар. Мәселен, қазір жер игілігін көріп келе жатқан көптеген ауыл шаруашылығы құрылымғы егін еккенімен, мал бағуға құлықсыз. Демек үкімет ауылды көтергісі келсе, ауылдың жағдайын жақсартқысы келсе, ауыл шаруашылығы құрылымдарын мал бағуға міндеттеу керек. Сонда ғана механизаторға қысы-жазы жұмыс болады. Жалғыз механизатор ғана емес, бақташы, сауыншы, малшы дегендей, ауылдың біраз тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылар еді.

Астық үшін арпапыс оңайға соқпайтын түрі бар. Оның үстіне, шығымы да мөз емес. Ендігісі жерде өскен дәннің бір түйірін ысырап қылмай жинап алу.

Байкен КӨБЕЕВ,

Ақмола облысы

Туризм – әлемдегі экономикалық кірісі ең жоғары саланың бірі. Елімізде саяхатты дамытудың алғышарты – бұл саладағы насихатты күшейту. Бұл тұрғыда, әсіресе, ғаламторға саяхатты үгіттейтін видеоларды, фотосуреттерді көптеп салу қажет.

Шымкент кез келген туристі тарихи, мәдени және табиғи көрікті жерлерімен, дәмді тағамымен және қонақжайлығымен таң қалдырады. Сарапшылардың айтуынша, туристерді тамсандырар табиғатымыз, ерекше салт-дәстүріміз, тарихи ескерткіштеріміз көп болса

ТУРИЗМ: ТАРТЫМДЫЛЫҚ ҺӘМ ТРАНСФОРМАЦИЯ

да, туристік әлеуетімізді толық пайдалана алмай отырғандықтан, еліміз ішкі және сыртқы туризмнен жылына 20 млрд долларды жоғалтады екен. Демек қазір қолға алынған туристік саланы дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын дұрыс бағытта пайдалануымыз керек. Осы арайда Шымкент қалалық әкімдігі мен туризм басқармасы ішкі және сыртқы туризмнің әлеуетін арттыру үшін жан-жақты жұмыстар атқаруда.

Үшінші мегаполистің туристік тартымдылығын насихаттау мақсатында таяуда туризм басқармасының шақыртуымен қалаға National Geographic және New York Times журналдарының танымал фотографы Джордж Штейнмец келді.

Белгілі американдық фотограф қаланың негізгі туристік нысандарының, атап айтқанда, Ескі қалашықтағы «Цитадель» жобасы, Тәуелсіздік саябағы, Қошқар ата өзені, Бәйдібек би ескерткіші мен этноауыл, Арбат пен Абай саябағы секілді көрікті орындардың фототүсірілімін жүргізді.

Енді Шымқаланың тұрғындары танымал фотосуретшінің объективі арқылы шаһардың сұлулығын «үшқан құстың биігінен» тамашалай алады.

Фотосуретші Қазақстанның оңтүстігі туралы шығармаларын миллионнан астам жазылушысы бар Instagram парақшасында және өзінің жеке веб-сайтында жариялады. Оған қоса, бұл суреттер National Geographic және The New Yorker сияқты беделді бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрмек.

«Алдағы уақытта, пандемиядан кейінгі кезеңде Штейнмец түсірген суреттер Қазақстанның өзге өңірлерінде қала туралы фотокөрме өткізуге негіз болады», — дейді қала басшылығы.

Шымкент — бұрыннан туристерге тартымды шаһар. Қаламызда зәулім қонақүйлер, дәмханалар бар. Дендросаябақ, зообак, тағы басқа көрікті орындар жетерлік. Олар — Шымкенттің шынайы мақтанышы. Қалаға келген қонақтарға да жылы шуақ, естен кетпес әдемі әсер сыйлайтыны рас. Бұған дейін әрқайсысы өз қазанында қайнап, өз бетінше әрекет етіп келді. Ендігі мақсат — осы туристік маршруттарды біріктіріп, жүйелеп, бір-бірімен тығыз байланыс орнатып, бірлесіп жұмыс істеуіне ықпал ету.

Осы арайда қаланың көрікті орындарын көрсететін арнайы туристік маршрут ашылуда. Ол маршруттардың арақашықтығы 30 минуттан болмақ.

Үшінші мегаполисте алғаш рет туристік полиция бөлімі құрылды. Оған қалалық Полиция департаменті конкурс жариялап, мамандарды іріктеп алды. Сосын қаламызда көлік көп, автотұрақтар мәселесі туындамас үшін Полиция департаментімен бірлесіп, әр ғимараттың алдында кезекшілік қойылған.


Туристік полиция қызметкерлері таңғы сағат 9:00-ден түнгі 1:00-ге дейін Арбат, Орталық саябақ, Наурыз алаңы, Қошқар ата өзенінің жағалауы сияқты қаламыздағы төрт ірі нысанда қызмет атқарады.

Осы бөлімшедегі полиция қызметкерлерінің міндеті қала туристері мен қонақтарына құқықтық көмек көрсетуге бағытталған. Егер турист өз құжаттарын жоғалтса немесе қандай да бір оқиға орын алса, полиция қызметкерлерінің көмегіне жүгінуіне болады.

Сандық трансформация — туризм саласындағы басты трендтердің бірі. Жаңа технологиялар дамыған ғасырда табысты сала да заман көшінен қалмай келеді. Әлемдегі дамыған 37 мемлекеттің басын қосқан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (OECD) мүше елдердегі барлық мекемелердің 77%-да жеке сайттары, 70%-да әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Туризм

саласындағылар да сандық технологияның осындай ұтымды тұстарын игіліктеріне пайдаланады.

Шымшаһар да сандық технологияны туризм саласында оңтайлы пайдаланып жатыр. «Мәдени астана» аясында және қалаға келетін өзге де қонақтарды Шымкент қаласының көрікті жерлерімен таныстыру мақсатында туризм басқармасы тарапынан қаланың ірі көшелерінің қиылысына ақпараттық навигациялық стелалар орнатылуда.



Навигациялық стела — бұл жақын орналасқан туристік нысандар туралы ақпарат көзі ретінде қызмет ететін әрі аймақта жылдам бағыт алуға жағдай жасайтын шағын



көлемді дизайн. Бүгінгі таңда аталған навигациялық стелалардың бірі Б.Момышұлы және Желтоқсан көшелерінің қиылысында орнатылды. Алдағы уақытта бұдан өзге 29 стеланы орналастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ШЫМКЕНТТЕ ДЕ АРБАТ БАР

Бүгінде Шымкент — аумағы жағынан еліміздің ең ірі мегаполисі, республикалық маңызы бар қала. Қаланың жалпы аумағы — 117 мың гектар. Үшінші мегаполисте ресми түрде миллионнан астам адам тұрады. Келісім мен бейбітшілікте жүзден астам этнос өмір сүреді. Шымкент — сізге жаңа мақсаттар, жаңа көкжиектер, жаңа оқиғалар мен жаңа эмоциялар сыйлайтын және де жаңа мүмкіндіктер ашатын қала! Қысқасы, бұл шаһарға келгендер кеткісі келмей қалады.

Шымкент қаласының ең ескі бөлігінде орналасқан Ордабасы алаңы тарихи және мәдени серуендердің орталығы болып табылады. Бұл қаланың бастауындағы ежелгі қамал, еліміздің рәміздері бар Тәуелсіздік саябағы, Қошқар ата өзенінің қасиетті көзі, кеңес дәуірінің қоғамдық ғимараттары бар Қазыбек би көшесі, сондай-ақ басқа да көптеген көрікті жерлер.

Мұнда жолыңыз түсе қалса, өз сапарыңызды дәл осы тарихи жерден бастауды ұмытпаныз.

Басты алаң — әрқашанда кез келген қаланың келбеті, ал кейбір алаңдар тіпті, тұтас бір елдің визит карточкасына айналады. Ұзақ уақыт бойы Лениннің есімімен аталған Шымкент алаңы да

осындай алаңдардың бірі. Қазір дарынды ойшыл және философ Әл Фарабидің атымен аталады. Алаңның қала үшін мәні ерекше. Себебі ол басты туристік бағыттар жүретін орталықта орналасқан. Алаң орыс драма театры, Әл Фараби мен Қазақстан Коммунистік партиясы Шымкент облыстық комитетінің бірінші хатшысы А.Асқаровтың ескерткіштері сияқты маңызды нысандармен қоршалған.



◆ Оған қаланың жаңа көрнекті орындарының бірі — Бейбітшілік көшесінің жаяу жүргіншілер орамы Арбат жанасалы. Арбат — қала тұрғындары мен қонақтарының серуендейтін сүйікті орны. Шымкенттің қарқынды дамып келе жатқанына қарай алаң адамның көп жиналатын орталығы болып тұр.

Шымкенттегі белсенді демалыс — уақытты пайдалы, көңілді және қызықты өткізудің тамаша мүмкіндігі. Оңтүстік мегаполис тұрғындар мен қонақтар үшін қызықты да белсенді демалыстың көптеген мүмкіндіктерін ұсынады.

◆ Арбат — жаяу жүргіншілер жолы және қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті орындарының бірі. Әл Фараби алаңынан Бейбітшілік көшесі мен Республика даңғылының қиылысына дейін, 500 метрге созылған қаланың көрікті жері.

◆ Бұл көшенің атмосферасы танқаларлық. Әсіресе, кешке, төбеде қалықтаған періштелер, түрлі-түсті қолаштырлар инсталляциясы мен субұрқақтардың жарық шамдары жағылған кезде, тіпті де түрленіп кетеді.

◆ Арбатта әрқашан көңілді: жанды музыка, түрлі флеш-моб, би сайыстары, фестиваль өткізіледі. Суретшілер мен колөнершілердің көрмелері де осы арадан табылады. Жаңға жайлы кофеханалар мен



мейрамханалар, кәдесый дүкендері де көп. Шымкент қаласына келген соң, міндетті түрде Арбатқа барып, оңтүстік мегаполистің атмосферасы мен жылтуынан рахат алыңыз.

Күн қалада мамыр айының ортасынан бастап оңтүстіктің ыстық жазы басталады. Ыстық күндері субұрқақтың жанында жүріп, одан ескен салқын самалды сезіну бір ғанибет емес пе? Ал түнде субұрқақтар музыкасы мен жарық оттарын ойнатып, нағыз бір сиқырға айналады.

◆ Бұл арайда қаламыздың тұрғындары мен қонақтарының реніші жоқ. Өйткені Шымкент субұрқақтар саны бойынша еліміздегі көптеген қалаларды артта қалдырады.

Қалаға келген кезде міндетті түрде кіріп шығатын қаланың көрікті жерлерінің бірі — шығыс базары Qutqu Bazar. Бұл жердің өзінің қызып тұрған ырғағы бар. Жаңа піскен жемістер, көкөністер, сүт және ет өнімдері, кепкен жемістерге дейін осы арадан табылады.

Шымкентті ертеден бері «жасыл қала», «бақ қала» деп атайды. Оңтүстік мегаполиске келіп, міндетті түрде жасыл көкке бөленген қала көшелері мен саябақтарында жаяу серуендеуге уақыт табу керек.

ТІЛ ҮЙІРГЕН ТАҒАМЫ

Үшінші мегаполисті гастрономиялық әсер іздеген жандар үшін таптырмайтын тамаша орын деп айтуға болады. Жергілікті тұрғындар тағамдарды дайындау мен ұсынудың жөн-жобасын жақсы біледі. Ал мекемелер өзіне «дәмді және арзан» деген визит карточкасын бекітіп алған.

Еліміздің оңтүстік мегаполисі ежелден бері алуан түрлі және керемет дәмді тағамдарымен танымал. Орталық Азияның ең үздік тамақ үлгілерін жинай отырып, түп тамыры көне дәстүрлерге жалғасады. Дәстүрлі шығыс

тағамдарынан басқа, шаһар қонақтарын түрік, грузин, қытай, жапон, итальян, кәріс сияқты түрлі елдердің гастрономиялық «хиттерімен» қарсы алады. Мұндай алуан түрлілік, тіпті, тісқакқан тағам талғағышты да жайына қалдырмайды, ал бағалар айтарлықтай таңдандырады.

Егер сіз Шымкентке алғаш келсеңіз, онда жергілікті тұрғындар нағыз шығыс палауының дәмін көруге алып барады. Оңтүстік өңірдің ас үйі тек қазақ ұлттық тағамдарының ғана емес, өзбек тағамдарының да ең үздік рецептілерін өзіне сіңірген. Бізде палауды жақсы көреді, оны дайындамайтын кафе-мейрамхана кемде-кем.

Шымкентте шырыны тамған қарбыз бен хош иісті қауынның маусымы басқа өңірлерге қарағанда әлдеқайда ерте басталады. Маусым айының ортасынан бастап Шымкент базарлары бақшалық тәттілерге толы. Оңтүстік өңір елдің асыраушысы болып саналатыны бекер емес. Отандастарымызды дәмді де дәруменді өніммен қамтамасыз ету мақсатында Шымкенттен Алматы, Нұр-Сұлтан және басқа да қалаларда өтетін жәрмеңкелерге тонналап көкөністер мен жеміс-жидектер жеткізіледі.

ПАНОРАМАЛЫҚ ОРЫНДАР

Әсем Шымкентті алақандағыдай көру үшін бұлтқа көтерілудің қажеті жоқ. Романтикалық серуендер мен шолу экскурсияларына арналған панорамалық орындардың тізімін ұсынамыз.

- ❖ Жайлауқөл саябағындағы Altyn Eye шолу дөңгелегі
- ❖ Тәуелсіздік саябағы
- ❖ Технопарктегі өткеншек
- ❖ Бәйдібек би ескерткішінің шолу алаңы
- ❖ Кең баба Family park шолу алаңы
- ❖ Бекіністің (цитадель) шолу алаңы

«7 must do»:

- ◆ Қаланың ең қызықты жерлеріне тегін жаяу серуенге аттану. Visit Shymkent ақпараттық киосктер
- ◆ Өзіңіз үшін оңтүстіктің көркем табиғатының әсерлі көріністерін ашу
- ◆ Парапланмен ұшу немесе парашютпен секіру
- ◆ Red Bus екі қабатты автобуста қала бойынша экскурсия жасау
- ◆ Жергілікті мекемелер бойынша гастрономиялық түр өткізу және Шымкенттегі тағамдардың ең дәмді екеніне көз жеткізу
- ◆ Қайық пен катамарандарда жүзу
- ◆ Асқаров атындағы дендросаябақ
- ◆ Жайлауқөл саябағы
- ◆ Қаланың саяждары, гүлбақтары және саябақтарында серуендеу. Биыл қаламызда жасыл желекті аймақтар одан да көп болады!

ЭКОТУРИЗМ, ТІҚҰШАҚ ЖӘНЕ АТПЕН СЕРУЕНДЕУ

Ежелгі тарихи және қазіргі заманға сай архитектуралық шешімдер үйлескен серпінді және қуатты мегаполис, қонақжай



тұрғындары бар шырайлы қала ішкі саяхаттағы жаңа бағытты ашады.

Үшінші мегаполистің туризм саласы тек Шымкенттің төңірегінде дамиды деген бос әңгіме. Шымшаһардың маңайындағы Сайрам Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы, ондағы естен кетпес Қырық қыз жартастары, Мақпал көлі, Қасқасу шатқалындағы Қасқасу сарқырамасы, Ақсу-Жабағылы қорығы, т.б. бәрі де кереметтей туристік мақтанышымыз.

Сіз бір күннің ішінде бірнеше биік таулы көлдердің керемет көрінісін тамашалап үлгергіңіз келе ме? Оңтүстік тауларының әсемдігін, жарқыраған көлдері мен Сайрам-Өгем ұлттық табиғи саябағының барлық көркем алқабын енді ұшар биіктен тамашалауға болады. Тіқұшақ экскурсиясының бағыты мынадай: Шымкент қаласынан ұшып шығып, Сайрам Өгем МҰТС — Мақпал көлі (*м.д. 2290 м.б.*) — Сусінген көліне дейін жетіп, Шымкент қаласына қайтып оралу.

Ал атты экскурсия белсенді түрде демалғанды жақсы көретін жандардың көңілінен шығары сөзсіз. Ұзақтығына қарай әртүрлі: 2-3 сағаттық және толық күндік серуендеу бар. Одан қалса, тіпті бірнеше күнге жергілікті жолбастаушылармен ат турларының ұйымдастыруға болады. Әсіресе, Сайрам, Өгем ұлттық саябағындағы және Ақсу-Жабағылы қорығындағы атты экскурсиялар кеңінен танымал.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Сұхбат

Әлеуметтік «Аман-саулық» қоғамдық қорының президенті, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі Бақыт Түменова таныстыруды қажет етпейді. Дегенмен айта кетейік: Отыз жыл дәрігер болып жұмыс істеген.

Кез келген мәселеге қатысты ой-пікірін ашық айтатын қоғам қайраткері. Әлеуметтік көмекке зәру жандардың қолдаушысы.

Біз қоғам белсендісінің қазіргі ахуалға қатысты пікірін біліміз келді.

Жас qazaq: Бақыт Ниязбеккызы, әшейінде «Денсаулық — басты байлық» деп ұрандатамыз. Осы сөздің қалірін түсініп жүрміз бе?

Б.Түменова: Әлемді жайлап, жан-жағын жалмаған коронавирустың кенінен таралуы еліміздегі көп адамның денсаулығына әсерін тигізгені анық. Тіпті бүкіл әлем, қарқынды дамыған мемлекеттердің өзі бұл індеттің алдын алуда әлсіздік танытты. Қаншама мемлекет зардап шекті, қаншама адам осы індеттен көз жұмды, жұқтырғандары қаншама. Әрине, осыдан кейін біз адамның басты байлығы — денсаулық екенін түсіндік. Бастапқыда жасы келген адамдардан айырлсақ, одан кейін елудегі, қырықтағы, одан да жас азаматтарымыздан айрылдык. Шынтуайтына келгенде, 60–70 жастағы адамдардың ешқайсысы өмірімен қоштасқысы келмейді. Керісінше, өмірге деген құштарлығы артады. Өйткені адамның жаны



Бақыт ТҮМЕНОВА:

АБАЙ АЙТҚАН БЕС НӘРСЕДЕН АРЫЛА АЛМАДЫҚ

бәрінен тәтті. Әр адам өз денсаулығын сақтауға және ғұмырын ұзартуға жауапты. Осы кезге дейін біз «Денсаулық — зор байлық» екенін терең түсінбедік деп ойлаймын. Өйткені дәрігерлердің жай ғана «бетперде тағыңыз» деген ескертуін де бастапқыда елемегендер бар. Ара қашықтық сақталмады. Індеттің шарықтап тұрған шағында да той жасап, көп адам жинағандар болды. Жерлеуге де көп адам жиналмау керек дегенді ескермедік. Елімізде вирус дендегенде ғана жұрт оқшауланудың маңызын түсінді. Мұндай пандемия кезінде тек медицина қызметкерлерін айыппай беру дұрыс емес. Белгілі бір тәртіпке бағыну мәдениеті бізде қалыптаспаған. Мұндай мәдениет корей елінде, жапон елінде бар. Ал бізде бұл мәдениет пандемия кезінде болған жоқ. Дәл осы мәдениеттің маңызды екенін халқымыз түсінуі керек. Жоғарыда атап өткенімдей, жасы келгендердің барлығы өмір сүргісі келеді. Егер адам салауатты өмір салтын ұстанса, 120 жасқа дейін өмір сүруге мүмкіндігі бар. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстануды әдетке айналдырғанымыз жөн. Өйткені адам денсаулығының 10 пайызы ғана денсаулық сақтау құрылымына байланысты. Әр адам денсаулығына өзі жауапты. Денсаулық — өмір салтына, қоршаған ортаға да байланысты. Өз денсаулығыңа қаншалықты жауаптысың, қандай өмір салтын ұстанасың, осыған байланысты.

Жас qazaq: Сіздіңше, індет өршіген кезде дәрі-дәрмек тапшылығы мен дәріханалардағы ұзын-сонар кезектің туындауына не себеп?

Б.Түменова: Біздің сұхбатымыз Ұлы Абайдың туған күнінен тұспа-тұс келген екен. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай айтқан бес нәрседен әлі де арыла алмадық» деді. Пандемия кезіндегі дәрі-дәрмектің тапшылығын, Абай айтқан бес нәрсемен салыстырар едім. Соның бірі — пайдакүнөмдік. Көл-көсір мақтаншақтық. Бір нәрседен пайда тауып қалу. Өзіңді өзгелерге керемет етіп көрсету. Тіпті кейбір дәстүрлеріміздің өзін өзгертіп, заманға қарай бейімдеп жасартуымыз керек. Біз қонақжай халықпыз деп мақтанамыз. Шынымен де қонақжаймыз. Қонақ десе барымызды аямаймыз. Бірақ дәл қазір біз жаңа ғасырдың адамдарымыз. Әрбір нәрсенің өзінің орны, уақыты бар. Біз ата-баба қалдырған салт-дәстүрден де мықты болуымыз керек. Дәстүрлерді өзгертіп, кейбірінен бас тартуымыз керек. Бастапқыда біз не істедік? Жұқтырғандар саны 3500-ге дейін барады деген болжам жасалды. Ауруханадағы орындар да соған қарай жоспарланды. Біз наурыз айында карантин жарияладық. Жайбаракат жүрдік. Ал карантин алпауыт Қытай елінде қараша-желтоқсан айынан бастап жарияланды. Темірдей тәртіппен олар індетті тоқтата алды. Ал біз ше? Пандемияға жеңіл қараған сияқтымыз. Өз күшімізге жоғары баға беріп қойғандаймыз. Өзіміздің дайындығымызды, мүмкіндіктерімізді жоғары бағаладық. Қарапайым арақашықтық сақтау дәстүрін де есепке алмадық. Бұл жерде билік тарапынан айтылған ескертулерге сенбегендер болды. Сондай-ақ дәрі-дәрмектің шарықтап кетуіне жемқорлықтың да әсері бар. Біз әлем бойынша жемқорлық дендеген елдердің қатарындамыз. Тек қана денсаулық сақтау саласында ғана жемқорлық бар деу қате. Бізде

жемқорлық барлық салада бар. Халық дәрі-дәрмекке мұқтаж кезде, қымбатқа сатып, қолдан тапшылық жасауды ең қорқынышты нәрсе дер едім. Әсіресе, халықта ақша жоқ

кезде. Бұл аштықтан өліп бара жатқан адамға бір түйір нан бермегенмен тең. Жасырын қойманың табылуы да үлкен мәселе. Мұны жасаған адамдар жазасыз қалмауы тиіс.

Қазір жұқпалы ауруды жеңген сияқтымыз. Өзіңіз білесіз, екпе егуге қарсы шыққандар көбейді. Ал дәл қазір коронавирусқа қарсы вакцинаны күтіп отырғандар қаншама. Екпенің маңызын, алдын алу шараларының тиімділігін қазір адамдар түсінді.

Жас qazaq: Әлемді шарпыған коронавирустан қандай сабақ алуымыз керек?

Б.Түменова: Айналамызда болып жатқан вирустың таралуын соғыспен теңестіретер едім. Өйткені бір жағымызда бактерия, бір жағымызда әлем тұр. Біз бұған дейін оба, шешек сияқты індеттерді жеңгенбіз. Ал қазіргі вирус ертеңгі күні алдымыздан тағы да осындай тажалдың таралуы мүмкін екенін көрсетті. Қоршаған ортаға, экологияға жауапты екенімізді айқындады. Бұл індет еліміздегі денсаулық сақтау жүйесінің әлсіздігін ғана емес, басқа да жауапты жүйелеріміздің әлсіздігін көрсетті. Мәселен, әлеуметтік қорғау саласында. Бұл салаға да өзгеріс керек. Біз ауырсақ, оған жауапты денсаулық сақтау саласы дейміз. Егер Алматыда жер сілкінісі болса, оған кім жауапты? Әрине, төтенше жағдайлар қызметі жауапты. Бізде мынадай бір жағдай бар. Пәтер немесе кеңседе архитектура жағынан өзгерту жасалса, айыппұл салынады. Айыппұл салғаннан гөрі неге рақымшылық бермеске. Белгілі бір уақыт аралығында сараптама жүргізілсе. Еліміздегі тағы бір мәселенің бірі — екінші деңгейлі банктің қызметі. Олардағы несие пайызының жоғары болуы. Неге біздің банктер халықтың қалтасына қарай ойластырылмайды? Неге халыққа жақын болмайды? Бізге коронавирус нені көрсетті? Денсаулық сақтау саласының әлсіздігін дедік. Біз тек бұл саланы ғана емес, басқа салаларды да айтуымыз керек. Осындай жағдайға денсаулықтан басқа салалар дайын ба? Дайын болса қаншалықты? Осының барлығы ескерілуі керек. Билік халықпен бірге шешуі керек. Егер де біз Абай айтқан бес нәрсені ескергенімізде, мүмкін басқаша болар ма еді!

Жас qazaq: Өзіңіз басшылық етіп отырған «Аман-саулық» қоғамдық қоры да індетке қарсы күреске өз үлесін қосқан болар?

Б.Түменова: «Аман-саулық» қоры 2007 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Шынтуайтына келгенде, біз 13 жылдан бері тек халықаралық жобалармен жұмыс істейміз. Денсаулық сақтау министрлігі ұсынатын жобалар дәл қазір өзекті емес. Халықаралық Сорос қорының жобасын алғаш ұтып алған біздің қор. Пандемия басталған кезде біз коронавирустың алдын алу жағдайы бойынша халықаралық жобаның грантын ұтып алдық. Сол жоба бойынша арнайы бағыттармен жұмыс істедік. Елімізде азаптауға қарсы коалициямен айналысатын 40-тан астам ұйым бар. Осы ұйымдарда әртүрлі бағыт бойынша жұмыс істейтін заңгерлер бар. Біз еліміз бойынша осы қызметкерлерді қорғаныш заттарымен қамтамасыз еттік. Өзіміз жұмыс істейтін мекемеде де әртүрлі сала бойынша жұмыс істейтін 20-дан астам ұйымдар бар. Олардың да барлығын жеке гигиеналық заттармен қамтыдық.

Жас qazaq: Әнгіміңізге рахмет!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Dенсаулық

D-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Жаңа технология

ВИРУСТЫ ЖОЯТЫН БЕТПЕРДЕ

Елімізде ультрадыбыстық бетперде шығарыла бастады. Отандық Qatqor Tech компаниясы Израильдің Sonovia компаниясымен бірлесіп, SONOMASK деген атаумен вирус пен бактериядан қорғайтын бетперде шығаруды қолға алды.

Елімізде ультрадыбыстық бетперде шығарыла бастады. Отандық Qatqor Tech компаниясы Израильдің Sonovia компаниясымен бірлесіп, SONOMASK деген атаумен вирус пен бактериядан қорғайтын бетперде шығаруды қолға алды.

мемлекеттеріне экспортқа шығару көзделіп отыр. Өндірушілер 140 млн теңге инвестиция тартқан. Жоғары технологиямен жасалған қорғаныс құралының бағасы әлі белгіленген жоқ. Гуманитарлық көмек аясында Sonovia Ltd компаниясы коронавирусқа қарсы қорғаныс

Ерекше бетперде Нұр-Сұлтандағы Назарбаев университетінің технопаркінде патенттелген ультрадыбыстық технологиямен жасалады. Ол бактерияның 99,99% және 98,89% вирустың жойылуына кепілдік береді. Мұны әлемдік ғылыми орталықтардың зерттеулері растап отыр. Сондай-ақ ASTM F2299 / F2299M EN14683, ISO 20743, ISO18184 халықаралық стандарттарына сай. Оны ойлап тапқан ғалымдардың мәлімдеуінше, бетпердені бір жыл бойы пайдалануға болады. Өндіріс қарқын алғаннан кейін осы өнімді ТМД елдері мен Оңтүстік-Шығыс Азия

маскаларын сыйға тартты. Осылайша, вирусқа қарсы маскалар Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы мен Нұр-Сұлтан денсаулық сақтау басқармасының жетекшісі Тимур Мұратовтың қатысуымен №1 қалалық ауруханаға тапсырылды. Сонымен қатар The New York Times, Reuters, The Guardian, I24 News, VogueBusiness, The Independent сияқты беделді ақпарат құралдары SONOMASK бетпердесінің сапалы әрі бірегей екендігін атап өтті.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Соңғы мәліметтер

РАСТАЛҒАН ЖАҒДАЙ: 101372

Нұр-Сұлтан қаласы – 13386 (+38)
Алматы қаласы – 13702 (+52)
Шымкент қаласы – 5131 (+10)
Ақмола облысы – 3151 (+32)
Ақтөбе облысы – 3134 (+10)
Алматы облысы – 4764 (+21)
Атырау облысы – 10658 (+20)
Шығыс Қазақстан облысы – 7525 (+85)
Жамбыл облысы – 3947 (+19)
Батыс Қазақстан облысы – 6450 (+39)
Қарағанды облысы – 9631 (+56)
Қостанай облысы – 3168 (+27)
Қызылорда облысы – 3199 (+4)
Маңғыстау облысы – 3207 (+21)
Павлодар облысы – 3599 (+19)
Солтүстік Қазақстан облысы – 3641 (+33)
Түркістан облысы – 3079 (+31)



КӨЗ ЖҰМҒАНДАР: 1269

Нұр-Сұлтан қаласы – 267
Алматы қаласы – 195
Шымкент қаласы – 47
Ақмола облысы – 55
Ақтөбе облысы – 31
Алматы облысы – 34
Атырау облысы – 35
Шығыс Қазақстан облысы – 94
Жамбыл облысы – 51
Батыс Қазақстан облысы – 71
Қарағанды облысы – 241
Қостанай облысы – 11
Қызылорда облысы – 8
Маңғыстау облысы – 39
Павлодар облысы – 31
Солтүстік Қазақстан облысы – 17
Түркістан облысы – 42

COVID-19 БЕЛГІЛЕРІНЕ ҰҚСАС ПНЕВМОНИЯ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР

РАСТАЛҒАН ЖАҒДАЙ: 15732

ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР: 188



Кесел

Өткен апта жұмыс бабымен Талдықорған қаласына шықтым. Түнде кеш жатып, ерте тұрғандықтан көзіме ұйқы тығыла берді. Тегіс жолда қалғып кетпейін дегенмен сақтықпен шаһардың шыға берісінде қол көтеріп тұратын жолаушыларды іздей бастадым. Бар ойым әңгіме айтып, жол қысқартатын адам жолықса. Бір қарасам, екі баласымен орта жастағы келіншек тұр екен. Тоқтай қалдым.



КОЛЛЕКТОРДЫҢ ҚУЛЫҒЫ

— Сәлеметсіз бе! Қай жаққа барасыз?
— Негізі Жансүгіров ауылына. Сізбен Талдықорғанға дейін жетіп алсам бола ма?
— Әрине, отырыңыз.
3–4 жастағы бүлдіршіндердің тәтті ұйқысын еріксіз қиып, қинала оянғаны іскен көздерінен көрініп тұр. Көліктің бір ырғақпен орнынан қозғалуы сол-ақ, екеуі де аналарының тізесіне басын қойып ұйқы құшағына кетті. Жайлап келіншекті әңгімеге тарттым. Стандартты сұрақтардан кейін бір сәт карантин кезінде несие төлеу кейінгі шегерілгені жөнінде тақырыптың шетін қозғалдық. «Несие демекші» деп жолаушымның ақтарылмасы бар ма? Сөйтсем, алаяқ коллекторлардың қақпанына түсіп қала жаздағанын айтты. Басқаларға да сабақ болар әңгімені өз аузынан, бірінші жақтан баяндайын.

«Балам, өзім екі жерде еден жуып күн көремін. Үлкен ұлым келер жылы мектеп бітіреді. Одан кейін артынан ерген мына екі қарындасы бар. Шыны керек, жәрдемақыны айтпағанда, айлық шайлыққа жетпейді. Оның үстіне әлі күнге жалдамалы пәтерден пәтерге көшіп жүрміз. Осыдан бірер ай бұрын телефоныма белгісіз нөмірден қоңырау шалынды. Тұтқаны көтерсем «Құттықтаймыз! Сізге аз қамтылған отбасы ретінде пәтер берілетін болды!». Не дерімді білмей аң-таң болдым да қалдым. Есім кіресілі-шығасылы күйде «шын ба?» деп қайта-қайта сұраймын. Ол «шын болмағанда ше, мен әкімнің көмекшісімін» деп одан сайын сендірді. Үкімет бізді ескеретін күн бар екен ғой деп қатты қуанғаннан барлық туған-туысыма хабарласып, сүйінші сұрадым. Келесі күні өзін «әкімнің көмекшісімін» деп таныстырған жігіт қайта хабарласып, пәтерді алудың шартын түсіндірді. Оның айтуынша, үйдің негізгі бөлігінен көбін үкімет төлейді. Ал қалғанынан мен екі жылдың ішінде айына 13 мың теңге төлеу арқылы құтылады екенмін. Ішімнен «тамаша емес пе» деп қоямын. «Қосымша ақпаратты тағы айтармын» деп тұтқаны қойғаннан кейін араға екі күн салып қайта хабарласты. «Үйді сізге рәсімдей алмай отырмыз. Бір кедергі бар» деді. «Не болып қалды» десем, осыдан сегіз жыл бұрын алған 50 мың теңге несиемді төлемегендіктен қазір 103 мыңға дейін айыппұлмен өсіп кеткен екен. Ол кезде бір танысымның баласы біреудің көлігін соғып, шұғыл ақша керек болғасын өз атымнан алып бергенмін. Анқау басым-ай, одан кейін олар телефонын өшіріп, таппай қалдым. Сөйтіп, онсыз да ол кезде 45 мың жалақыға қараған басым несиені төлей алмай, осылайша банк алдында қарыз болдым. Соны айтсам, әлгі қақылдап қояр емес. «Төлемесеңіз, пәтеріңіз көз алдыңыздан бұлбұл ұшалады, бір аптаға ғана уақытыңыз бар» деп онсыз да толқыған көңілдегі үрейді үдетеді. Бірнеше күн сыпайы сөйлескен жігіт бір кезде менің ақталуымнан қажыды ма, «ең болмаса 74 мың теңгені төле!» деп дүрсе қоя берді. «Олай болмаған жағдайда, сіздің атыңыздан «үйден бас тартамын» деген арыз жазамын, одан қалды жәрдемақыңызды төлетпей, қарызға аудартамын» деп қорқытпасы бар ма. Сонғы күндер көтеріңкі болған көңілім әп-сәтте су сепкендей басылып, пәс тартты. «Мәселенің



тігісін жатқыза алады» деп банктегі бір қыздың нөмірін айтты. Оған қоңырау шалсам, «қарыз бар, қайтарыңыз» деп жаңағы жігіттің сөзін қайталады. Бар ойым үйден кайтсем де айырылып қалмау. Құрғыр қарызды қазір-ақ қайтарайын десем, қаржы қолбайлау. Басым қатып, таныстарыма шығып, зангердің кеңесіне жүгіндім. Сөйтсем, мені имандай сендірген анау барып тұрған алаяқ екен. Қазір көптеген коллекторлық компаниялар берешекті қалайда қайтару үшін осындай қулыққа барады екен».

Мақала жазсам, фамилиясын атамауды өтінген Сәуле есімді келіншектің басынан өткен осы әңгімесінің жетегінде Қапшағайдан өтіп, Арқарлы асуынан қалай асып кеткенімізді байқамай қалдым. Талдықорғанға жетіп, аз да болса таныс, сұхбаттас болған отбасымен қоштастым. Онаша қалғанда ойға кеттім. Қазір алданатын кім? Заң тұрғысынан сауаты аз әлеуметтің осындай тобы. Оған не себеп? Бәлкім, қара басының, бала-шағасының қамымен нан табам деп жүріп басқаны елеуге, екшеуге уақыты да, жағдайы да болмауы. Алматыға оралғасын, әккі коллекторлардың тың тәсілі туралы зерттеп көрдім. Шынында, қазір бұрынғыдай бірден телефонмен қорқытатындары азайған. Айлаға көшкенге ұқсайды. Бірақ олардың осылай алдау арқылы қарызды қайтартуы заң тұрғысынан қаншалықты дұрыс? Тұрғындардың осы тектес түрлі сұрақтарына жауап беріп жүрген зангер Бердімұрат Хасенұлына арнайы хабарласып, сұхбаттастым. Ол да мұндай жағдайдың талайынан хабардар екен:

«Мәселен, сіз тілге тиек еткен келіншекке үкіметтен үй бөлінсе, оның атынан ешкім де бас тартамын деп арыз жаза алмайды. Ол үшін азаматтың өзі нотариуска барып арызын тіркетіп, сосын тиісті мекемеге апарды. Жәрдемақыға келсек, заң бойынша оны ешкім қарыз төлету үшін кесіп тастай алмайды. Ол келіншектің жағдайында, коллекторлар сотқа беріп, ешнәрсе өндімесін білгесін, осындай қадамға барған. Өкінішке қарай, олардың мұндай қулығына әзір заң бойынша жаза қолданылмайды. Өйткені былай қарағанда коллекторлар артық ақшаны алмайды, тек несиеден қарыз соманы аудартады».

Зангердің ойы осындай. Әрине, таяқтың екі ұшы бар. Біз әңгіме еткен Сәуленің жағдайында ол өзгелердің сеніміне кіріп, кейін лақтырып кеткен жауапсыздығынан жапа шегіп отыр. Егер де өтірігімен үй сыйлап, алдаған коллекторға айтқан ақшасын қарызданып-қауғаланып аударса не болар еді? Онсыз да өлместің күнін кешкен келіншек күйіктен мүлде баз кешіп кетер ме еді? Үйлі болам деген үмігі мен қуанышы күл болды. Сеніміне селкеу түскесін ендігі бір нәрсеге сеніммен қарауы екіталай. Ол секілді алдандандар қаншама? Зангерлер осындай күмәнді қоңырау шалынса, алдымен үй бөлді деген мекемеге, одан қалды зангерлердің кеңесіне жүгінуге кеңес береді.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП

Жәдігер



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі жыл сайын мұражай қорындағы құндылықтарды дәріптеу бағытында танымдық мәдени-білім беру бағдарламаларды жүйелі түрде көрермендеріне ұсынып келеді. Елдегі қазіргі жағдайға байланысты орталық музей өз жұмысын белсенді түрде онлайн режимде жалғастырып отыр.

ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМНАН КОМПЬЮТЕРГЕ ДЕЙІН...

ерекше назар аударады. Сондай-ақ өз кезеңінде сымды пошта байланысының бір түрі ретінде кең таралған Морзе телеграф аппараттары, телетайп және т.б. қызығушылық тудыратыны сөзсіз.

Радио мен теледидарды ойлап табу — адамзат өнертабысының ең үлкен жетістіктерінің бірі. Музейлік сабаққа қатысушылар радио тындаушылар арасында кең сұранысқа ие болған



Осыған орай, көпшілік назарына «Байланыс және телекоммуникация құралдары» атты мәдени-білім беру онлайн-жобасын ұсынады. Жоба аясында оқу орындарының оқушылары үшін түрлі байланыс құралдары мен телекоммуникацияларды дамытуға арналған «Жазу-коммуникация құралы», «Радио», «Пошта. Телеграф», «Теледидар», «Патефондар. Магнитофондар», «Телефондар», «Компьютер. Ғаламтор» тақырыптарында онлайн түрде музейлік сабақтары қамтылған.

Орталық музей мамандары дайындаған музей сабақтары студенттерді ақпарат беру процесінде маңызды рөл атқарған алғашқы жазу машиналарының үлгілері, телефон және телеграф құрылғылары, телекабылдағыштар мен радио аппараттардың сирек кездесетін үлгілерімен таныстырады.

Ұсынылған музей экспонаттарының коллекциясы ерекше және сан алуан.



Мәселен, жазу тарихы бойынша музейлік сабақ ерекше қызығушылық тудырады. Мұнда ақпарат алмасудың ежелгі тәсілдері — вампумдар, кипу, пиктограммалар, петроглифтер, иероглифтер туралы айтылады. Сонымен қатар Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет қайраткерлерінің жеке кешендеріндегі музейлік заттар негізінде қауырсын қаламнан бастап сиялы қалам, жазу машиналарына дейінгі жазу құралдарының алуан түрлерімен таныстырады. Олардың арасында 1933 жылы Германияда шығарылған «Mercedes» механикалық жазу машинкасы және профессор, орнитолог А.Ковшарьдің жеке кешеніндегі ҚазКСР Қызыл Кітабының қолжазбасы терілген «Оптим» жазу машинкасы

теледидары туралы мәлімет алу қызығалықты болары сөзсіз. Мұндай құралдарды кезінде ата-әжелеріміз пайдаланған. Солар туралы айтып берсе, немере-шөберелері үшін ертегіден де қызық болуы мүмкін. Енді оларды көзбен көруге де болады. Шынында да, небәрі жарты ғасырдың ішінде тұрмыстық техниканың мұншалықты қарыштап дамуы таң қалдырмай ма?

Қазіргі таңда біздің өмірімізді телефонсыз елестету мүмкін емес. Музей сабақтарына қатысушылардың назарына алғашқы және қазіргі заманғы телефон аппараттары — 1928 жылы «Красная Заря» Ленинград зауытының телефон құрылғысы, ғалым-геолог Қаныш Сәтбаевтың телефоны, 1960 жылғы дискілік телефон және алғашқы мобильді құрылғылар ұсынылды.

Байланыс құралдарын дамытудағы нағыз төңкеріс компьютердің және ғаламтор желісінің пайда болуымен байланысты екендігін ерекше атап өтуге болады.

Музейлік сабақта балалар музей коллекциялары мысалында байланыстың даму тарихы туралы пайдалы әрі танымдық ақпарат алып, онлайн-викториналарға қатысып, тақырыптық сұрақтарға жауап бере алады.

Әйгерім ТЕМІРҒАЛИЕВА

Оқшау ой

Абай хакім қазақтың мінезін, қылығын аямай сынады. Абай қашанда болсын, қазаққа мінез сыншысы болып қала береді. Неге дейсіз бе? Абай дәуіріндегі қазақтан осы күнгі қазақтың еш айырмашылығы жоқ. Әлі күнге дейін сол мінез-қылығымен өзгермей жүр. Өркениет көшіне ілесе алмай, даму жолында шалынып-сүрініп жүрсек, соның бәрі енжарлығымыз бен алауыздығымыздан.

Қазақ ойшылы тоғызыншы кара сөзінде «Осы мен өзім — қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын костасам керек еді» деп жазған. Задында, Абай қазақ ұлтын жек көріп, жеріген емес. Тек сүйгенінен, шын ұлтына берілгенінен күйініп, сүйінді. «Сүйесің, жүрек, күйесің» дегені бұл қызға деген махаббат емес, адамға деген, ұлттына деген шетсіз-шексіз махаббаты болатын.

Абай сөзі — тәлім-тәрбие, тағылым бұлағы. Философиялық астары терең, мағынасы ауқымды «Қара сөздері» — өмір сүрудің формуласы. Өзі айтқан «Толық адам», «Кәміл мұсылман» қағидасын санана берік орнататын трактат. Бірақ осы имани сөзге иланған қазақ бар ма? Абай сөзінен мінезін жанып, нәпсісін тыйған кім бар? Кешегі заманда болсын, бүгінгі күнінде болсын? Сұрақ көп, жауап жоқ.

Тегінде, Абай шығармашылығында мораль мәселесі көп қозғалған. Ең көп айтылған, сыналған — надандық. Надандық — білімсіздіктен туындайтын қараңғылық. Надан адамның жүрегінде иман, көңілінде үміт болар ма? Оқуға, ілім-ғылымға ынтықпаған адамның көрері — осы. Абай жек көрген қазақ мінезі — білімсіздік, арсыздық, надандық, еріншектік, мақтаншақтық, жалқаулық, құқық бұзушылық, көрсекызарлық т.с.с. теріс қылықтар. Бұл сүйегімізге әбден сініп, мерез боп қатып қалыпты. Енді бұған жағымпаздық пен жалтақтық, жемкорлық пен паракорлық қосылып, аяғымызды шідерлеп, теріс қылығымызға

елін ұйқыдан оятуға харекет етті. Бірақ ол — жалғыз еді. «Атадан алтау, анадан төртеу» болса да рухани жалғыздықтың тақсіретін тартты. «Мынмен жалғыз алыстым» деп айтқанындай, қалың тобырға, кара басының қамын ғана ойлайтын жуандарға қарсы шығып, ізгілік пен әділеттікті талап етеді. Төбе би ретінде шариғат жолымен кесімін айтлды. Қазақ тұрмысына икемдеп Ереже жазды. Өз балаларын ғана емес, ауыл-аймағындағы талапты көгенкөздерді оқытты. Оқуына қаржылай демеушілік көрсетті. Адамдық жолын нұсқалды.

Абай сөзін ұғып, жүректеріне ұялатқан ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандары еді. Олар Абайды жана заман, азаттық пен дербестік тілеген, бодандық қамытынан босауды көксеген тұлға деп таныды. Оның поэзиялық-прозалық шығармашылық мұрасын ұлт әдебиетінің қазынасы, реформалық жана сипаты деп бағалады. Хакімді әдебиет пен мәдениет құбылысы ретінде қазақтың құбыласына айналдырды. Асқақтатып, тұғырын биіктетті. Азаттық идеясын Абай сөзінен тапты. Ұлттық бұлқыныс жолында Абай айтқан бес жақсы қасиетті өзек қылды. Қараңғы елді білімге, ғылымға шақырды. Ауқаттыларды Алаш идеясына жұмылдырып, мектеп пен медресе аштыртты. Ұл баланы ғана емес, қыздарды да оқуға міндеттеді. Тек дін ғылымын емес, дүние және жаратылыс ғылымын игертуге күш салды. Қазақ медицинасының негізін салды. Ауру-сырқау асқынып, індет көбейген ауыр жылдарда дәрігер жастардың қатарын арттырды. Науқасқа көмекші



Фото novosty.kz

маталып отырмыз. Әлі күнге осы мінезімізден жапа шегіп келеміз. Жалқауыз ба? Жалқауыз. Паракорлық пен жемкорлық тіпті асқынып, алдымызды аштырмайды. Тіпті, осы ковид кезінде дәріні камбасымен басып алғандардың ісі жемкорлық емей немене? Жағымпаздық ше? Өзінен билігі жоғары адамның алдында тізерлеп құлдық ұруға бармыз. Сатқындық пен көре алмаушылық та асқынып тұр.

Абайдың ұғымында еріншектік, жатылпішерлік, енжарлық енбек етуге деген ынтаны мүлдем жоятын теріс қылықтар болатын. Әсіресе, Абай мұны баласын орынды-орынсыз әлпештеп, аузына барын салып, асты-үстіне түсіп, шектен тыс өбектеп, енбекке араластырмай өсіретін ауқаттылардан көреді.

Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын, — деп не тамақтан, не киім-киістен тарлық көрмеген бай баласының мінезін сынады. Бүгінгі қазақтың бай-бағланы да қарапайым қарашаның жанын ұға ма?

Абай айтқан адамның бес дұшпаны — өтірік, өсек, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпақ. Ашығын айтсақ, осы қылығымыздан теперіш көріп-ақ келеміз. Жыртылып-айырылып мақтанамыз. Данғойлыққа салынып, шашыламыз. Ырыс-құтты ысырап етіп, несібені төгеміз.

«Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, етекбасты көп көрдім елден бірақ» деп кейіген еді ұлттың ұйтқысы данышпан Абай. Неге кейіді? Бұғаулыққа еріксіз түсіп, бас бостандығы мен зайырлығынан айырылып, империяға құл болған халқының можантопайлығы мен енжарлығынан, не білімі, не жұмысы жоқ надандығы мен бос кеуде мақтаншақтығына кейіп, өксіді. Заманды түземек боп,

құрал болсын деп медициналық сактану шаралары туралы кітаптар жазды. Алаш арыстарының ең басты миссиясы — қазақты Абай сынаған жаман мінез, теріс қылықтан арылту-тұғын.

Бірақ... Тағы да сол қазақ оқығандардың сөзіне ерді ме? Патшалық биліктің қуғынын көрген, кеңестік қызыл үкіметтің айдауынан өтіп, ақыры ұлт мүддесі үшін бастарын өлімге тіккен арыстарды қолдалы ма? Керісінше, ұлтым деген ерлердің үстінен арыз-шағымды қарша боратып, донос айтып, алдыңғы рухы биік толқынды ату жазасына кестірді. Олардан қалған асыл ұрық ұрпақты итжеккенге айдатты. Әйелдерін зарлатып, АЛЖИР түрмесіне каматты. Бұл — Абай сынаған, жек көрген, ең сорақы мінез — сатқындық пен алауыздық болатын. Содан кейін қазақ осы мінезінің кесірінен 70 жыл болышевиктік биліктің зардабын шекті. Ділінен, дінінен, ұлттық құндылығынан айрыла жазлады. Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, «Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ». Отыз жылға жуықтаған Тәуелсіздік сол жоғалғанын, өшкенін, сөнгенін түгендеумен келеді. Ұлттық мүдде үшін күресіп-ақ келеді.

Сөзімізді түйіндей айтсақ, Абайдың ғақлиялық мұрасына шын иланып, өткен ашы тарихымыздан сабақ алып, береке-бірлігімізді арттырып, жаман мінезден жерініп, бес асыл істі жүрекке сіндірсек, азып-тозып кетпеспіз... Абайды оқыған, Алаш мүддесін ұстанған елдің болашағы зор болмағы баршаға аян.

Елдос ТОҚТАРБАЙ, алаштанушы, КР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты

ONEGE

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

Еске алу

Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан театр қайраткерлері одағының мүшесі Үсен Дауылбайұлы Өмірзақовтың

дүниеден өткеніне де қырық күнге таяп қалыпты. Қазақ әдебиеті мен театр өнеріне қатар олжа салған азамат шығармашылық шабытты шағында ковид дертінің салдарынан пәни дүниеден бақи дүниеге озып кете барды.

ҮСЕН ӘЛЕМІ



Ойнаған Күн сәулесі айшығында, Мекенім — іздеп барсаң тау шыңында. Мен өлемін, өлемін сол Биікте, Шыр айналып Жер-Ана ұрышығында!.. деп

жазыпты ол қайтыс боларының алдында. Марқұм өзінің 60 жасына да жетпей дүние салатынын сезді ме екен?! Қалайда артында жауһар жырлары, жарияланбаған өмірбаяндық мемуар романы қалды.

Үсен Дауылбайұлы Өмірзақов 1961 жылы 25 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданы, «Домалақ Ана» ауылында (*қазір Өзбекстанға қарайды*) дүниеге келген. Мектеп бітірген соң Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінде қызмет істеді. Әрі Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға ілікті. 1980-1982 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеп келген соң оқуын жалғастырып, дипломға да қол жеткізді. Бостандық аудандық «Коммунизм үшін» газетінде тілші-аудармашы болып қызмет етті. Бұл өзі өзбек тілінен аударма газет еді.

Біраз істеп, жағдайға қаныққан соң Өзбекстанда жасайтын екі миллионға жуық қазақтың рухани қажеттіліктері көбейіп тұрғанын сезді. Ақыры Өзбекстандағы қазақтардың неге ана тілінде шығатын республикалық газет-журналы, кітап баспасы, ұлттық театры жоқ деген мазмұнда «Өзбекстан қазақтарының рухани мұқтаждығы» және «Он мәселеге теріс қабақ танытпайық» деген екі мақала жазып, оларды «Қазақ әдебиеті» мен «Лениншіл жас» газетінде жариялайды. Әрине, бұл үшін жергілікті басшылар тарапынан қысымға да ұшырады. Қызметінен кетуіне де тура келді. Бірақ сен бұзылып, ақиқат сөз, шынайы талап жоғары жакка жол тапты.

Ақыры Өзбекстан Компартиясының қаулысымен «Достық туы» (*кейін «Нұрлы жол»*) деген атпен республикалық газет жарық көрді, «Асыл мұра» кітап баспасы іске қосылды.

Төменде ақынның «Жүрегімнің қалдырам қазынасын»

атты өлеңдер топтамасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ЖҮРЕГІМНІҢ ҚАЛДЫРАМ ҚАЗЫНАСЫН



ҚАЗАҚПЫН!..

Тілім таза, Ділім таза, Мүсәпірден аулақпын. Ата салтымды, Қазақ халқымды, Арқа тұтар саңлақпын.

Койнауым — асыл, Жайлауым — жасыл, Төсінде еркін мал бақтым. Батырым — мақтан, Ақыным — дастан, Қобызда күйді сарнаттым. Анамның тілі, Даламның үні — Ар, Намысым, Ардақтым!.. Қазақ боп туғам, Қазақ боп өлем. Қазақ боп және қалмақпын!..

ӨЛЕҢ ӨРІП ЖҮРЕГІМ...

Көңіл күйім құлазып кеше менің, Мұңды жамап мұңға әкеп еселейді. Не істесең өзң біл, өз еркіңде, Алайда қолтаңбамды «көсемегін».

Өлең өріп жүрегім лүпілдейді, Жаза алмасам мені ата «күпір» мейлі. Әр сөзім, әр иуағым шабыт беріп, Тамырымда тулайды, бүкілдейді.

Қатігездік жасама — жараспайды, Кең адам ұсақтықпен санаспайды. «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген сөзге, Ешкім де дау тугызып таласпайды. Ақынсың ғой білесің оның бәрін,

Шабытым қозған шақта тыным бермей, Жата алман маржандай қып жсырымды өрмей. Сұңқардың күнін берді Тағдыр маған, Ризамыл!.. Жапалақтың күнін бермей.

Үсен осылай деп жырлайды. Оның бүкіл өмірі, шығармашылығы ұлтына қызмет етуге арналды. Үсен жұбайы Ұлдар екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Немерелерін де көрді. Марқұм ініміздің иманы саламат болсын! Берекетін артында қалған ұрпақтарына берсін!

ӨМІР — КЕРУЕН

Жасым болса елуден асып қалған, Жан екенмін байқасам асықпаған. Қызығына жсалғанның алданаптын, Мәңгілікке бергендей нәсіп маған. Жартысына жеткендей Ай қабақтың, Жарты өмірім өткенін байқамаптын. Ойлап тұрсам өмірдің өз көшімен, Мүз үстінде жүргендей тайғанаптын.

Өткен ғұмыр келсе де араға тең, Еңбегім жоқ елге еткен алаботен. Ой-сананы «ұйқымен» тұмшалаған, Жалқау, енжар, мардымсыз адам екем.

Жеңіл-желпі, арзанқол күн көріптің, Бой алдырып мақтанға үлгеріптің. Өмір деген керуенге өзге емес, Көппен бірге ілесіп бір келіптің...

АҚЫНДАРДЫҢ ӨЛІМНЕН — АРЫ БАСЫМ

Ажал келсе, келе бер көріп алам, Топырақтан жаралған жерім — Анам! Желбесіктен түсірсе, Жер бесікке, Мәңгі ұйықтап кетем де, деміді алам. Өмір барда Өлім — Хақ. Бағынасың. Ақындардың Өлімнен — Ары басым. Қадір тұтар халқыма аманат қып, Жүрегімнің қалдырам қазынасын.





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИНА



www.jasqazaq.kz



О'ГЕНРИ



Мюррей түс көрді, түсінде бір іс көрді.

Психологтар мен ғалымдар түс патшалығындағы «меннің» күйін түсіндіреміз деп әлекке түсуде, ұйқы — «кіші өлім». Әсілі, бұ әңгіме тың саланы зерделеуге талпынбайды. Тек Мюррейдің қалғып-мүлгіген сәтін сипаттап беруді ғана көздейді. Түстің ең ғаламат ерекшелігі — айлап-жылдап көргенің өнінде бірнеше секунд я минут ішінде көз алдыңнан сырғып өте шығатындығы.

Мюррей өлім жазасына кесілгендерге арналған түрме камерасында отырды. Дәліздің дәп төбесіне ілінген доғалдау электр шамының жарығы үстеліне түсіп тұр. Мюррей ақ қағаз үстімен жорғалаған құмырсқа жолын конвертпен бөгеп әуре, жөндік арлы-берлі қашып әуре. Ол бұлжымас бұйрыққа сәйкес кешкі сегізде ажал құшады. Мюррей жымиған қалпы қалбалақтаған құмырсқаға, жөндік атаулының төресі, ең ойшылына қараудан шаршаған жок. Бөлімде мұнымен қоса үкімін күткен тағы жеті адам бар. Осы жерге орналасқалы бері үшеуін әкеткенін көрді. Біріншісі аласұрып, қақпан қаққан қасқырша қарсы атырылды. Екіншісінің есі дұрыстау екен, даусы жарқын-жарқын шығып, Құдайға жалбарынды. Ал үшіншісі әлжуаздау боп шықты, талып қалғанына қараған жоқ, ағашқа байлаған күйі алып кетті. Мюррей арсыз ажалмен бетпе-бет келер сәтін ойлап, тоқсан толғанды. Кеш бата кезек оған да жетеді. Сегіздер шамасында-ау.

Бөлімдегі камералар екі қатар-ды. Арғы бетте Бонифацио отыр. Италиян әйелі мен өзін тұтқындамақ болған қос сакшыны өлтірген. Мюррей онымен сағаттап дейбы ойнады. Кабырға далдасынан көрінбейтін қарсыласына жүрісін дәліз арқылы анадайдан айқайлап айтты.

Бонифационың әуезді де әнге икемді, елді елең еткізер басынқы дауысы естілді.

— Ей, маэстро Мюррей! Хал-ахуалыңыз қалай? Жаксы ма?

— Жаксы, Бонифацио.

Құмырсқаға конвертке енуге мүмкіндік беріп, сонан сон оны ептілікпен тас еденге тастаған Мюррейдің даусы — қатқыл.

— Жөн-жөн, маэстро Мюррей. Екеуіміз нағыз ерлерше өлуіміз керек. Менікі — алдағы аптада. Тамаша. Маэстро Мюррей, дейбының соңғы партиясын ұтқаным есіңізде шығар? Келешекте тағы да ойнауымыз ғажап емес. Білмеймін. Әзірге белгісіз. Мүмкін біз баратын жерде жүрістерді тағы да айқайлап айтуға тура келер.

Бонифационың тұрпайы пәлсапасынан кейінгі әдемі күлкісі Мюррейдің тас жүрегін

жібітті. Иә, Бонифацио арғы өмірге асықпайды, еншісінде бақандай бір апта бар.

Дәліз соңындағы құрыш құлыптын сырт-сырт еткен бөріне таныс дыбысы анық естілді. Үш адам Мюррей отырған камераға кеп, есікті айқара ашты. Екеуі — түрме күзетшісі, үшіншісі — көршісі әрі бала кезгі досы — Леон. Жок, бұл ертеректе еді ғой, қазір бұл — Леонард сопы Уистон.

— Түрме священнигі болуға рұқсат берді, — деп ол Мюррейдің қолын қатты-қатты қысты. Сол қолындағы кішкене Інжілді

Түс



аударып-төнкеріп, сұқ саусағымен керекті бетін белгіледі.

Мюррей әнтек жымиып, үстел үстіндегі екі-үш кітап пен бірнеше қаламды реттестіре бастады. Әңгімеге қуана-қуана араласар еді. Әттең, аузына жөнді сөз түспегені өкінішті-ақ.

Қылмыскерлер ұзындығы сексен фут, ені жиырма сегіз футтық мына бөлімді «Тамұқ табалдырығы» деп атайды. Соның тұрақты тұрғыны, «шырақшысы», енгезердей, епсіздеу болса да мейірімді еркек қалтасынан виски шығарып, бөтелкені Мюррейге ұсынды:

— Қайраттану үшін қажет нәрсе. Енді осыған құмарта қоймассын...

Мюррей ішті.

— Жөн, — деді күзетші. — Қорқынышты басалды. Арғысын сезбей де қаласың, алаңдама.

Манағылар коридорға шыққанда кезегін күткен жеті тұтқын сағат тілінің сегізге таяғанын, сол уақытта Мюррей өлім жазасына кесілетінін түсінді. «Тамұқ табалдырығының» өзіндік аристократиясы қалыптасқан. Дұшпанын я аңдушысын әділ жекпе-жекте өлтірсе, онда мерейінің үстем болғаны. Ту сыртынан канжар қалаған қанішерлерге менменсі қарайды, бұлар.

Дәлізбен ақырын ғана аяңдап, қос күзетшінің қыспағында кетіп бара жатқан

мәжбүр болған вокзал ұрысы — Бассет. Өздерін әлгі «Тамұқ табалдырығының» тастандысы сезінген төрт қылмыскер үнсіз ғана камерада жатты.

Мюррей өзінің байсалдылығына, әрісі енжарлығына ерекше танырқады. Өлім жазасы жүзеге асатын бөлмеге жиырмаға тарта кісі жиылыпты: абақты басшылығы, басылым тілшілері және қызық қуған көрермен...

Әңгіменің дәп ортасында О'Генри о дүниеге аттанды. Ол бұрынғымен салыстырғанда, мүлде басқаша рухтағы шығарма жазғысы келген-ді. Бұл — тосын топтаманың бастауы болуы тиіс еді.

— Мен оқырманға оқыс дүние тудыра алатынымды аңғартқым келген, — депті О'Генри. Жазушылық қарым-қабілетімді жан-жақты аша түсер, ұстанымыма жақын, жанашылдыққа бай, шарықтау шегі ерекше, шиыршық атқан шиеленіске толы ұржана үлгідегі әңгіме жазбақ болған.

Ол осы шығармаға кіріспес бұрын қалай өрбіп, қалай аяқталатынын қысқаша түртіп-түртіп қойған-тұғын. Қып-қызыл қызғаныш кесірінен ғашығын айуандықпен өлтірген Мюррей алғашында үкім уақытын сабырлы, сырт қарағанда немкетті күтеді. Электр орындығына жакындаған кезде өзі үшін оғаштау көрінген сенімсіздік сезімі бойын билейді. Бөлмедегі салтанатты сахна, бөгде жандар — куәгерлер, көрермендер, үкімге әзірлену сәті, бәрі-бәрі нанымсыз

көрінді. Қатты қателескені туралы сан тарау оқыс ой-санасын осып-осып өтті. Оны неге орындыққа байлап жатыр? Не бүлдірді? Нендей қылмыс жасады? Үстел белдігі бекітілгенде көңілге түйген көп естелік көрініс берді. Түс көруде. Алтын күннің нұрына малынған, ағаштан қиылған, топ гүл аясындағы шап-шағын қоттедж. Әйел мен бала. Екеуімен лебіздескен соң анау — жұбайы, анау — ұлы, қоттедж өз үйі екенін ұқты. Соңыра барлығы қателікке ұласты. Бәзбіреу қатты қателескен-ау, сірә. Жабылған жала, жағылған күйе, айып, сот, электр орындығында жүзеге асқалы отырған үкім, мұның бөрі — түс. Ол жан жарын құшағына қысып, баласын құшырлана сүйді. Бақыт деген осы емес пе? Бірақ бұл жай әншейін түс еді ғой. Бір кезде қапас күзетшісінің пәрменімен пәленше қуаты бар ток өне бойынан өтті дейсін.

Сөйтіп Мюррейдің түс дегені расқа шықты.

Бұл — әлемге әйгілі Америка жазушысы, оқыс аяқталатын әңгіменің хас шебері О'Генридің (Уильям Сидни Портер) ақырғы новелласы.

Орыс тілінен аударған Әлібек БАЙБОЛ, жазушы-драматург

ҚАЗЫНА



Талдықорғандағы белгілі фотограф Жеңіс Ысқабайдың отбасылық мұрағатындағы кене ер-тоқымға көзіміз түсті.

Ортасы ойық ердің қандай мақсатқа қолданылғаны мен кімдерге арналғаны туралы белгілі этнограф Бабақұмар Қиянатұлынан сұрадық.

Шошақ бас ер-тоқым

Бабақұмар ҚИЯНАТҰЛЫ, этнограф:

Қазақта ердің екі түрі бар. Бірі — құранды ер. Екіншісі — осындай қарапайым жеңіл ер. Артқы қасы жатыңқы, арқалығы жок. Бұл ер сырты жұқа ағаштан шабылып, былғарымен қапталған. Алдыңғы жағы шошақталып келген. Ер-тоқымның бұл түрі — Жетісу өңірінде кең таралған. Ертеректе жаугершілікке, көкпарға жиі қолданылған. Қарағаш немесе емен ағашынан шабылған болуы керек. Ердің тұстарын бір-бірімен желім шегемен ұсталған. Қаңқаның бетіне былғары немесе киіз көпшік шегелейді. Ноктаның үстіңгі жағы ашық. Бел ағашы мен екі ортасын шауып шығарған. Жоғарғы адам отыратын аттығы ашық тұр. Сәндік үшін үйректің басындай етіп ойып, күміс шегелермен, көз тастармен сәнделеді. Еркін қимылға арналған ер. Кейде тіпті сүйекпен қапалады. Бұл «Шошақ бас ер» деп аталады. Шымкент, Тараз, Батыс өңірде көкпар тартуға кеңінен қолданылған.

(Фотолар Жеңіс Ысқабайдың отбасылық мұрағатынан)




Жастар үшін зор мүмкіндік

I-SEED: инновациялар, әлеуметтік кәсіпкерлік, білім беру – Британдық кеңес пен «Шеврон» корпорациясының бірлескен жобасы. 2013 жылдан бері Елорда мен Алматыда жүзеге асырылып келді. 2017 жылы бұл жоба жастарға инновациялық және интерактивті білім беру бағдарламасын ұсынатын «Шевронның» «Атырау жастарын дамыту бастамасы» аясында қолға алынды.

Биыл да атыраулық жастар Британдық кеңес, «Шеврон» корпорациясы және Атырау облысы әкімдігінің бірлескен StartUP Battle әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған жобасына қатысты. Соған орай әлеуметтік маңызы бар идеяларымен көзге түскендері грантка қол жеткізді. Жобаға қатысуға 109 өтініш түсті. Солардың ішінен жартылай финалға 25 жоба өтсе, актық сайысқа 10 қатысушы жолдама алды.

Үш апта бойы тәжірибелі бизнес-тәлімгерлер өз білімдерімен бөлісіп, StartUP Battle қатысушыларына әлеуметтік маңызды идеялар мен тәжірибелерін онтайлы ұсынуға көмектесті.



Жартылай финалға қатысушылар ІТ және питчинг бойынша тренингтен өтті. Жеңіске жеткен жастарды салтанатты марапаттау рәсімі YouTube және Facebook платформаларында ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі бойынша Айзада Жайыкова (*Molekula арт-терапия орталығы — Атыраудағы 13-18 жас аралығындағы ерекше жасөспірімдерді дамыту және қолдау*), Гүлден Өтебалиева (*ерекше жандарға арналған «Батыр» спорт клубы*), Әйгерім Ысмакова, Айгүл Төлешова, Әсел Ыбырайханқызы (*NIET — Атырауда қайта пайдаланылатын өнім үлесін арттыру*) грант табысталды.

Байқау ережесіне сәйкес, төртінші жеңімпазды көрермендер онлайн дауыс беру арқылы анықтайды. Ол үшін Британдық кеңестің ресми сайтына өтіп, дауыс беруге болады. Дауыс беру 3-ші қыркүйекке дейін жалғасалды.

Грантка қол жеткізген жігерлі жастың бірі Әйгерім Ысмакованың айтуынша, бұл жобаның жастар үшін маңызы зор. Ол: «StartUP Battle жобасына идеямызды жүзеге асыруға мүмкіндік бергені үшін зор алғысымды білдіргім келеді. Қобалжығанымыз соншалық, жобаға қатысты мәселелердің ұсақ-түйегіне дейін мән бердік. Дұрыс сөйлеу, ым мен ишараны орынды қолдану, тәлімгердің баға жетпес нұсқауларын орындауға тырыстық. Үш жарым апта ішінде алған тәжірибеміз он жылға жетеді, ал игерген сабағымыз кем дегенде бес жылға жетеді», — деп алған әсерімен бөлісті.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы:
Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Макпал НОҒАЙБАЕВА — <i>арнаулы тілші</i>
Әбдіманап КЕНЕС — <i>жастар және ғылым</i>
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — <i>терімші</i>
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — <i>web-caim</i>

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМУХАМЕДОВ
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (<i>Богенбай батыр көшесінің қиылысы</i>)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дауір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2220; Бағасы келісім бойынша
Апталық таралым — 5000 дана
<i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.</i>
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPU00020470 куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.